

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 498 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Остин қаласындағы Техас Штаты Университетінің IC2 Институты сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Қазақстан Республикасының технологиялық дамуына талдамалы зерттеулер жүргізу, Қазақстан Республикасындағы технологиялық бизнес-инкубаторларды басқаруды оқыту және отандық технологиялық әзірлемелердің халықаралық рыноктарға, атап айтқанда Америка Құрама Штаттарына шығуына одан әрі жәрдемдесу жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамына заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен жеке қаражаты есебінен 45278090 (қырық бес миллион екі жүз жетпіс сегіз мың тоқсан) теңге сомаға мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

талдамалы зерттеулер жүргізу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсаудың қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабының 3, 4-тармақтарын о р ы н д а у д ы ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі И.М.Кравченкоға жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*